

**«Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары: міндеттер және
болашақ» тақырыбында 2012 жылғы 23 сәуірде өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Е.Х. Казыхановтың баяндамасын тыңдай келіп, мыналарды **ҰСЫНАДЫ**:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын инвентаризациялау мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия құру мүмкіндігін қарастыруды;
2. Қол қойылған халықаралық шарттарды және Қазақстан қосылатын халықаралық шарттарды ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы заңдарының жобаларын Парламент Мәжілісіне енгізу бойынша жыл сайынғы жоспар жасау мүмкіндігін қарастыруды;
3. Орталық мемлекеттік органдардың халықаралық шарттардың қазақ тіліндегі мәтіндерін әзірлеу сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдауды;
4. Қазақстан Республикасының Заң шығару институты Лингвистика орталығын ұйымдық-кадрлық және қаржылай күшейту мүмкіндіктерін қарастыруды;
5. Ратификациялауға жататын халықаралық шарттар жобалары бойынша - оларға қол қойылғанға дейін және Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттеніп отырған халықаралық шарттар бойынша оларды ратификациялау туралы шешім қабылданғанға дейін уақтылы әрі сапалы ғылыми

сараптама жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды;

6. Халықаралық шарттарды жасасуға жауапты орталық мемлекеттік органдардың халықаралық шарттарды әзірлеу сапасы және мемлекетішілік рәсімдерді уақтылы жүргізу үшін жауапкершілігін күшейту жөнінде шаралар қабылдауды ұсынады.